*« №136 жалпы орта білім беретін мектебі » шаруашылық жүргізу құқығындағы*

*коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны*

# *Ашық сабақ*

## *Тақырыбы: «Шетте жүрген бауырларға» өлеңінің көркемдік ерекшелігі*

***10 «А» сынып***

***Пән мұғалімі :Тажибаева С.А***

***Шымкент -2025 ж***

**Қысқа мерзімді жоспар     Қазақ әдебиеті**

| | |
|---|---|
| Бөлім: | **III бөлім: Парасат пайымы** |
| Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты : | Тажибаева С.А |
| Күні: | 12.03.2025 ж |
| Сынып: 10 г | Қатысушылар саны:      Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Оразақын Асқар «Шетте жүрген бауырларға» өлеңінің көркемдік ерекшелігі |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары: | 10.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау<br>10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау |
| Сабақтың мақсаты | Барлығы: Қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды;<br>Көпшілігі: қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтай алады,салыстырады. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға береді;<br>Кейбірі: Қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, салыстыра отырып, өзіндік ой қорытады. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, шығармадан мысал келтіре отырып баға бере алады; |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі// уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басталуы<br>3 минут<br><br>7 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br>12 минут | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Оқушылармен амандасу, сабаққа қатысуын түгендеу.<br>«Сиқырлы шеңбер» әдісі арқылы 3 топқа біріктіру..<br><br>1-топ «Эмигранттар» тобы<br>2-топ «Иммигранттар» тобы<br>3-топ «Атажұрт» тобы<br>«Зымыран сұрақтар» әдісі арқылы қызығушылығын ояту мақсатында сұрақтар қою.<br><br>1. Оразақын Асқар қай жылдары өмір сүрді?<br>2. Өлең не себепті «Шетте жүрген бауырларға» деп аталған?<br>3.Өлең тақырыбы қандай?<br>4.Өлең неше шумақтан тұрады?<br>5.Ұйқас түрі қандай ?<br>6.Шығармадағы маңызды ұлттық құндылықтарды ата.<br>6. Шетелдегі қандастар саны қанша ?<br>7.Қазақтар қай елде көп қоныстанған?<br><br>8. Қазақстанға шетелдегі қазақтар қай жылдан бастап көшіп келе бастады?<br>9. Шығарма несімен құнды?<br><br>Сергіту сәті<br>«Қандастар» әнін тыңдау арқылы психологиялық ахуал орнату.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатын хабарлау.<br><br>**1-тапсырма . SWOT талдау.**<br>**Топтық жұмыс**<br>**1-топ: Елге оралған** | **Психологиялық ахуал**<br>Топ басшысы өз тобындағы оқушылардың жақсы қасиеттерін айтып шығады,бір-біріне сәттілік тілейді.<br>Оқушылар кездейсоқ ретпен 3 топқа бірігеді.<br><br>Тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындайды.<br><br>Елге оралған ,шетелдегі , өз еліндегі жастардың жағдайына қысқаша талдау жасайды. Кестені басшылыққа алады.<br>Туған елде өмір сүрудің нағыз бақыт екенін түсінеді. | Оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады<br><br>*Жарайсың!*<br>*Керемет шешім!*<br>*Ойлы шешім!*<br><br>**Дескриптор**<br>Білім алушы<br>-мәселенің мықты жағын сараптайды,<br>-әлсіз жақтарын атап көрсетеді,<br>-мүмкіндіктерін анықтайды,<br>-қауіпті жағын талдайды.<br>4 балл.<br><br>**Өзара топтық бағалау жүреді.** | Оқулық 10-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл<br><br>Оқулық 10-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл<br><br>https://youtu.be/BjHj07VGfCg?si=P4HZ1fz1zLLyVyeV |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>қандастарымыздың жағдайын талдау.<br>2-топ. Шетелге кеткен қазақтардың жағдайын талдау.<br>3-топ. Ертеңгі ел үміті - Атамекендегі жастар жағдайын талдау.<br>Кестені басшылыққа алыңдар.</td>
<td>Өлеңнің тарихи және көркемдік құндылықтарын анықтайды. Мысал келтіріп, баға береді.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>7 минут</td>
<td><br><br>S –мықты жақтары<br>W – әлсіз жақтары<br>O - мүмкіндіктері<br>T – қауіпті жағы</td>
<td></td>
<td>Дескриптор<br>Білім алушы<br>- шығарманың тарихи және көркемдік құндылықтарын анықтайды;<br>- мысал келтіріп,баға береді;.<br>3 балл<br><br>Бірін-бірі бағалайды.<br><br>«Мақтау сөздер» әдісімен сабаққа белсенді қатысуына ынталандырады.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>6 минут</td>
<td>2-тапсырма.Концептуалды кестемен жұмыс. Жұптық жұмыс.<br>Өлеңнің тарихи және көркемдік құндылықтарын анықтаңыз. Мысал келтіріңіз . Баға беріңіз.<br><table><tr><td>Өлеңнің тарихи құндылықтары</td><td>Өлеңнен мысал</td><td>Өлеңнің көркемдік құндылықтары</td><td>Өлеңнен мысал</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table></td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>5 минут</td>
<td>Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық<br>-отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;<br>-ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;<br>мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;<br><br>3-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Венн диаграммасы.<br>6-сыныпта оқыған Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» шығармасын еске түсіріңдер. Екі шығармадағы ортақ құндылықтарды анықтаңдар.<br><br>«Шетте жүрген бауырларға» шығармасы. «Менің Дағыстаным» шығармасы.</td>
<td>6-сыныпта оқыған Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» шығармасын еске түсіреді.. Екі шығармадағы ортақ құндылықтарды анықтайды.</td>
<td>Дескриптор<br>Білім алушы<br>-екі шығармадағы ортақ құндылықтарды анықтайды:<br>2 балл<br><br>Өзін-өзі бағалайды.<br>Бас бармақ арқылы бағалау.<br><br>Дескриптор :<br>сөзге шешендігін көрсетіп, шетелдегі қазақ баласын елге шақырады<br>- 1 балл</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>5 минут | <br>**Жағдаятық тапсырма.**<br>«Болашақ» бағдарламасымен Англияда оқып жатырсың. Студенттердің арасында ұлты қазақ, бірақ сол жердің азаматы да оқиды. Оны атажұртқа қалай тартушы едіңдер? Қазақ елін, қазақ жерін қалай таныстырар едің?<br><br>**Кері байланыс: Бағдаршам**<br><br><br>**Бағалау.**<br>**Үйге: 8-тапсырма.**<br>**Өлең идеясына байланысты адамгершілік құндылық жөнінде эссе жазу.** | Жағдаяттық тапсырманы орындайды.<br>сөзге шешендігін көрсетіп, шетелдегі қазақ баласын елге шақырады.<br><br>Оқушылар сабаққа кері байланыс береді. | | |

| Саралау – оқушыларға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?<br>Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі) |
|---|---|---|
| 1.Қарқыны жылдам оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, қосымша тапсырма ұсынамын.<br><br>2.Басқа оқушыларға қарағанда тапсырманы орындауда көп күш жұмсауды талап ететін оқушылардың белсенділігін арттыру үшін жетекші сұрақтар қоямын | Ауызша мадақтау арқылы бағалау;<br><br>Тапсырмаға құрылған дескрипторды басшылыққа алу; | «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін. ( Тәуелсіздік және отаншылдық. Әділдік және жауапкершілік. Бірлік және ынтымақ)<br><br>Сабаққа қатысты қауіпсіздік шаралары сақталады |

Жалпы бағалау

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1: Концептуалды кестемен жұмыс

2: „SWOT" талдау

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1: „Фишбоун" әдісі

2:

Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері / қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?

1: топқа бөлуде оқушылардың белсенділігіне байланысты

2: топ тепе-теңдігін сақтау


Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.

